

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы № 136 және 2000 жылғы 12 шілдедегі № 1063 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 3 наурыздағы № 166 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 26 тамыздағы № 852 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 26.08.2013 № 852 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.01.21 № 148 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**

Қ а у л ы с ы м е н .

2) «Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі № 1063 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., № 29, 359-қ ұ ж а т) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесінде:

кіріспенің екінші абзацындағы «Шет ел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» деген сөздерден кейін «, «Босқындар туралы» деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

« 5) б о с қ ы н к у ә л і г і . » ;

мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

«8-1. Босқын куәлігі Қазақстан Республикасының босқындар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен босқын мәртебесі берілген шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға беріледі.»;

1 0 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы «Жеке басты куәландыратын құжаттарды,» деген сөздердің алдынан «Босқын куәлігінен басқа,» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

«Босқын куәлігін босқындар мәселелері жөніндегі қатынастарды реттеу саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган «Босқындар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен береді.»;

11-тармақтың бірінші абзацы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын

:

«босқын мәртебесін беру туралы қолдаухаттың негізінде беріледі.»;

29-тармақ үшінші абзацтағы «азаматтығы жоқ адамдар» деген сөздерден кейін «;» белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«шетелдіктер және босқын мәртебесін алған азаматтығы жоқ адамдар»;

30 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы «Тіркеуге жататын адамдар» деген сөздердің алдынан «Босқындарды қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

«Босқындар уәкілетті органда тіркелу үшін бес күн мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады :

босқындар мәселелері жөніндегі қатынастарды реттеу саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган берген тіркеуге арналған жолдама; уәкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш; жеке басын куәландыратын құжат.».

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.01.21 № 148 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен .

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*